Радует, что отечественное здравоохранение не стоит на месте. С новыми мировыми трендами и изменениями, меняемся и развиваемся и мы.

Обучаясь в медицинском университете наряду с высокой успеваемостью в учебе, я активно участвую в общественных делах. Являюсь стипендиантом областного центра по формированию здорового образа жизни ГУ «Управления здравоохранения Карагандинской области», состою в Казахстанской ассоциации медицинской молодежи, посещаю спортивные секции, тем самым поддерживаю свое здоровье, веду активный образ жизни.

В завершении своей статьи хочу дополнить: еще одна важная особенность успешного врача это умение быть альтруистом. (*Альтруизм – (лат. Alter — другой, другие) — понятие, которым осмысливается активность, связанная с бескорыстной заботой о благополучии других*).

Всем желаю крепкого здоровья и семейного благополучия!

Денсаулық -барлық адамның үлкен байлық құндылығы.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру Қазақстанда 2017жылдан бастап енгізіле бастады.МӘМС бұл мемлекеттік жүйе әлеуметтік қорғау ауқымы бойынша халықтың денсаулығын қорғау.Елімізде қазіргі Денсаулық сақтау жүйесімен салыстырғанда көптеген артықшылықтары бар. Жүйе жүзеге асқан соң медициналық қызметтердің сапасы айтарлықтай жақсарып,әр адам өзіне ұнаған дәрігерді немесе емхананы таңдауына мүмкіндік алады.-Қарағанды облысының денсаулық сақтау Басқармасы ММ 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілетіні жөнінде хабарлады.

Жалпы 2020жылы халықтың шамамен 95пайызы МӘМС жүйесіне қатысушылар қатарына қосылады.Барлық ел азаматтары,-мемлекет пен жұмыс берушілер -Денсаулық сақтау саласында ортақ жауапкершілікте болады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылығы-жарнаны әркім мүмкіндігіне қарай төлеп,қажетіне қарай медициналық қызмет көрсетілетіндігінде. МӘМС аясында қызмет көрсететін медициналық ұйымнан қажеттілігіңізге қарай,сырқатыңызды қанша уақыт емдеу керек болса,сонша медициналық көмек алуға құқылысыз,бірақ алатын медициналық көмек көлемі дәрігердің тағайындауына байланысты.МӘМС пакетіне кіретін қызметтер толық көрсетіледі және қосымша ақы төлеуді қажет етпейді.Сапалы медициналық көмек көрсету,қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету,сондай-ақ,

## Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (МӘМС) туралы Сіз білесізбе? Оның тиімділігі мен артықшылығы

еліміздегі үздік клиникаларда тиімді емделу және қымбат бағалы операциялар жасату мүмкіндігі жұмыс істейтін әр азаматтың денсаулығын сақтауға,еңбекке жарамсыздық қағаздарының мерзімін қысқартуға және жұмыс берушілердің шығындарын азайтуға ықпал етпек.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап халыққа медициналық көмек қалай көрсетіледі?

Медициналық көмектің екі пакеті болады:

1.Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі(ТМКК).

2.Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС)

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі - бұл көмек сақтандырылған - сақтандырылмағанына қарамастан барлық азаматтарға көрсетілетін болады.

\* жедел медициналық көмек.

\* санитарлық авиация.

\*бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК)-бұл емханаларда жалпы практика дәрігері,терапевт,педиатр сынды мамандар көрсететін қызметтер.

\*стационарды алмастыратын шұғыл көмек және стационарлық медициналық көмек.

\*паллиативтік көмек (туберкулез,онкология,-терминалдық сатыдағы созылмалы аурулар,біреудің көмегінсіз жүріп-тұра алмайтын,қамқорлыққа мұқтаж адамдар).

\*әлеуметтік маңызы бар аурулар,созылмалы және айналаға қауіп төндіретін негізгі ауруларға консультативтік-диагностикалық қызмет,

жоспарлы стационарлық және стационарды алмастыратын көмек түрлері тегін көрсетіледі,амбулаторлық деңгейде дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етіледі.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) - бұл көмек тек сақтандырылған азаматтарға ғана көрсетілетін болады:салалы мамандардың қызметі және диагностика; бағасы қымбат болып келетін зерттеу әдістері (МРТ (магнитті резонанстық томография), КТ (компьютерлік томография),ПЦР(полимеразды тізбекті реакция),т.б. басқа зертханалық зерттеулер); ТМКК пакетінде қамтылған өзге де ауруларды амбулаторлық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету; стационарды алмастыратын көмек; жоспарлы стационарлық көмек; қалпына келтіру мақсатындағы ем-дом және медициналық оңалту; әрбір азаматқа медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан,мемлекет кепілдік берген медициналық қызметтер пакеті (ТМКК пакеті)шеңберінде медициналық көмек қолжетімді болады.

Дегенмен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізудің ең басты пайдасы-бәсекелестік есебінен медициналық қызмет сапасын арттыру мүмкіндігі туады.

**«Қарағанды қаласының №1 емханасы», арнайы мамандандырылған көмек бөлімшесінің меңгерушісі Аубакирова Б.М., маммолог дәрігері**

**Нурманова А.У.**

# МЕНИНГОКОККТЫ ИНФЕКЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

**Менингококкты инфекция** – бактериялардан туындаған жіті жұқпалы ауру, бас миының қабықтарының, жұлынның зақымдануымен сипатталады. Ауру ауа жолмен таралады (жөтел, түшкіру, сөйлесу кезінде). Менингококкты инфекция жедел таралады, клиникалық ағымы ауыр, өлім-жетімге алып келу жоғары.

Менингококкты инфекциясың маусымдылығы сипатталады, көбінесе қыс және ерте көктем айларында тіркеледі. Себебі, адамның иммунитет жүйесі сол уақытта әлсізденеді.

Менингиттердің алғашқы симптомдары, қарапайым салқын тию симптомдарына (температураның көтерілуі, бас ауруы) ұқсас. Аурудың анық белгілері пайда болғанда, медициналық көмекке уақтылы жүгінбеген кезде өлім-жітім 50%-дан артықты құрайды. Негізгі клиникалық белгілеріне: дене температурасының 39,0°C-ға дейін және одан жоғары көтерілуі, адам төзгісіз бас ауруы, жағдайының жақсаруына алып келмейтін, алдында жүрегі айнымайтын құсу, гемморагиялық бөртпе, тыныс алудың бұзылуы, сананың тежелуі,

бұзылуы жатады.

Айналадағы адамдар үшін инфекцияның көзі науқас немесе симптомсыз тасымалдаушы адамдар болып табылады. Бір науқасқа 20 мыңға дейін тасымалдаушы келеді. Менингококк ауруының ерекше эпидемиологиялық маңызы назофарингит клиникасы бар науқастарда болады.

Менингококк инфекциясының алдын алудың негізгі іс-шараларының маңыздысы, ол науқастарды және инфекция тасымалдаушыны анықтау, оларға сауықтыру шараларын жүргізу, аурудың алғашқы белгілері анықталғанда дәрігерге көріну болып табылады. Менингококктық инфекцияны жұқтырмау үшін:

- суық тиюден аулақ болу;
- адамдардың көп жиналатын орындарына баруға шектеу қою;
- күн сайын үйжайды ылғалды жинау және желдету қажет;
- жеке бас гигиена ережелерін сақтауды ұмытпау – жиі қол жуу, кір қолмен шырышты қабықтарын ұстамау;

- дәрумендерге бай толық тағамдарды, денені нығайтатын препараттарды пайдалану, физикалық жаттығулар жасау, организмді шынықтыру;

- салқын тиген кезде ауруға байсалды қарау (мұрын-жұтқыншақтың жіті ауруы, жөтел т.б.) дене қызуы көтерілгенде, бас қатты ауырғанда дереу дәрігердің көмегіне жүгіну қажет.

- барлық мешіттерде рамадан айы кезеңінде намаз оқу үшін қолайлы жағдайлар жасау (үй-жайларын тұрақты желдету және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып ылғалды тазалау) және келушілерді аурудың бірінші белгілері пайда болған кезде дәрігерге жүгіну қажеттілігі және оның ұсынымдарын ұстану туралы ақпараттандыру бойынша шаралар қабылдау қажет.

**Қарағанды облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы Азыханова А.Қ.**

## ДЕПРЕССИЯ

Адамдар бойында соңғы уақытта көп кездесетін депрессия синдромы- бүгінгі күні сондай жер бетіндегі «заманауи сырқат түрі» саналатын дерттің бірі.

Депрессия – қазақша айтқанда: жабығу, торығу, күйзелу секілді ұғым. Депрессия - көпке созылмайтын, бірақ созылып кетсе [невроз](#) немесе [психоздың](#) бастауына айналатын түнілу мен [пессимизм](#) арқылы бейнеленетін көңіл-күй жағдайы. Депрессия кезіндегі үрей билеу күйі суицидалды қауіпті айтарлықтай арттырады. Міне сондықтан, суицидалды және парасуицидалды жүріс-тұрыстың алдын алу, онымен күресу мәселелері маңызды болып табылады. Алдын алудың тиімді әдістерінің бірі – бұл өзінің психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты ерекше қауіп-қатер тобын құрайтын балалар мен жасөспірімдерді анықтау. Бала девиантты жүріс-тұрысқа баратын отбасындағы проблемалы жағдайларды анықтаудың да маңызы зор.

Қазақтың қамығу, күйзеліс, жабығу, торығу сөздеріне сиятын күйзелістің ақыр соңында адамды өзін-өзі саналы түрде басқара алмауына әкеледі. Қым-қуыт тіршілікте жұмыр басты пенде белгілі бір кезеңде психологиялық күйзелісті бастан кешіретіні аян. «Дәл қазір күйзелісте жүрмін» деген сөзді он адамның тоғызы жиі айтатын болды. Бұрын-соңды мұндай сөзді құлағымыз шалмаушы еді.

Статистикалық мәліметтер соңғы бес жыл көлемінде дүниежүзінде әрбір үшінші адамның түрлі факторларға байланысты күйгелектік танытып, өз эмоцияларына бақылау жасай алмайтын деңгейге жеткенін алға тартады.

Күйзеліс – адамның психологиялық ауытқуы. Көбіне көңіл-күйі болмаған немесе қандай да бір қайғылы оқиғаны, жағымсыз кезеңді бастан өткерген адам күйзеліске ұшырайды. Психолог-мамандардың айтуынша, әсіресе, күз, көктем мезгілдерінде адамдар күйзелістік күйге тап болады. Бір қызығы, әлемде әрбір жиырмамыншы адам қандай да бір депрессиялық күйзелісті бастан кешіреді екен. Америкалық мамандар күйзелісті «психологиялық тұмау» деп айдар

таққан. Яғни, бұл дерт бүгінде қарапайым тұмау сияқты қаптап кеткен дегенді білдіреді. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында жыл сайын 15 миллион адам «психологиялық тұмауға» тап болады. Ал жаһан халқының 5 пайызы депрессиялық күйзелісте жүреді екен. «Күйзеліс - адамның өмір сүруге бейімділігін сипаттайтын жаһандық дерт» деген пікір бар. Ең қызығы жер-жаһанның миллиондаған адамы аталмыш дертпен бетпе-бет кездесе де, одан шығу жолын, пайда болу себептерін дөп басып ешкім айта алмайды.

Гиппократ күйзеліске ұқсас психологиялық күйреуге «адам миының қара сөлге толуы» деп анықтама берген.

Психологтар XX ғасырға тән дерт деп атаса да, күйзеліс XXI ғасырға адамзатпен бірге аяқ басты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының пайымынша, алдағы он жылда күйзеліс адамды өлімге жетелейтін аурулардың қатарына жатқызылады-мыс. Тіпті жүрек-қан тамырларынан баса озып алдыңғы қатарға шығады. Шамасы, адамның психологиялық күйзелісі күн санап белең алып келетін сияқты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Гарвард университетінің зерттеулері бойынша, әлемде 121 миллион адамның бойынан күйзеліс дерт табылған. Ең сорақысы, жыл сайын 850 мың адам күйзелістің салдарынан өзіне-өзі қол салады.

Мамандардың айтуынша, ер-азаматтар дертін мойындаудың орнына маскүнемдікке салынады. Яғни, арақ ішіп өзара арпалысты тыйып, бірер уақытқа дерттен айықтырады деп алданады ер-азаматтар. Күйзеліске тап болған ер-азамат өмірмен қоштасуға да дайын тұрады. Әсіресе, жас жігіттер мен қарттардың арасында күйзелісті еңсере алмай, өзіне-өзі қол салушылар басым.

Мамандар күйзелісті үш түрге бөледі:

Біріншісі – адамның инфаркт, жүрек ауруларына жиі ұшырауы және түрлі жарақат сияқты дертке тап болуымен қалыптасатын депрессия.

Екіншісі – эндогендік депрессия. Яғни адамның ішкі жан дүниесінің тереңінен пайда болатын дерт. Эндогендік депрессия адамға кері әсер етеді. Дәл осы депрессиялық күйге түскен адам айналасындағы құбылыстарға баға бере алмай, белгілі бір сезімдерді бастан кешіре алмай дал болады.

Үшінші – түрі психогендік деп аталады. Адамның психикалық ауытқуы салдарынан пайда болатын депрессияның бұл түрі тіпті қайғылы жағдайға итермелеуі мүмкін. Тағы бір қызық пайым. Ер-азаматтарға қарағанда, нәзік жандылар күйзелістік күйге жиі тап болады. Зерттеулерге жүгінсек, әйелдер күйзеліске ерлерге қарағанда 2-3 есе көп екен. Бұл – әйел бойындағы гармондық өзгерістерге байланысты болуы мүмкін. Мәселен, аяғы ауыр немесе босанған әйелдің психологиялық күйі жиі өзгереді. Тіпті дәл осы кезеңде нәзік жандылар мына әлемнен баз кешіп, бәрінен бас тартады. Бірақ мұндай күйзеліс ұзаққа созылмайды. Қарапайым халықтың тілімен айтқанда, мұндай депрессия «ұмытшақ ауру» сияқты. Бір мезетте пайда болып, бір мезетте жоғалады. Ал қара күштің иесі күйзеліске сирек тап болғанымен, дертті оңай еңсере алмайды. Өйткені ер-азамат үшін психологиялық күйзеліске тап болу - намысын аяқасты етумен пара-пар.

Күйзелістен арылудың жолдарын екі бағытқа бөлуге болады: әлеуметтік - психологиялық және психотерапиялық.

Көңілді алдайтын, көңіліңізді аударар бір өте қызықты іспен шұғылданыңыз; Ғалымдар айтуы бойынша, күйзелістен арылудың бір жолы техникалық, және әдеби аудармалар жасау; Қатты сырласып жүрген дос не құрбыларыңыз болса үйге шақырыңыз не өзіңіз барыңыз; Мазаңызды алып жүрген бірқакпай адамдар болса бетін дөрекі қайтармай түсіндіруге тырысыңыз; Айғайлап, дөрекі сөйлеген жағдайда сары уайымға түсіп, күйзелістен шыға алмауыңыз мүмкін. Оған мән бермеуге тырысыңыз.

Көкейіңізде түйіткілді болып тұрған мәселені ішіңізде сақтамаңыз. Барлық мазалап жүрген сан түрлі ойларды, сұрақтарды дос құрбыларыңызға айтыңыз. Немесе қағаз бетіне түсіріңіз.

Хош иісті ванна қабылдаудың да сізге сергектік сыйлайды; Жеңіл, ырғақты әуен тыңдаудың да өзіндік тигізер септігі ба, әсіресе мидың тынығуы, тек бәрін ұмыттыруға келетін әуен классикалық әуендер.

Күйзеліс кезінде дене шынықтыруға бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлу керек. Тіпті болмаса, ән айтып, далада серуендеуге тырысқан жөн. Барлығынан безіп, жападан-жалғыз теледидардың алдында жатқан



адамның күйзелістен құтылуы екіталай. Өзіңізге жақын адамдармен жиі араласыңыз, отбасындағы, туған туыстардың үйіндегі тойларға, қонақтықтарға жиі барыңыз. Сіздің қамқорлығыңызға, мейіріміңізге зәру ата-аналарыңыздың, үлкендердің, қарттардың, бауырларыңыздың хал-жағдайын сұрап, көмектесуге тырысыңыз. Біреуге жақсылық жасаған адамның көңіл күйі көтеріліп қалады. Ең бастысы, кез келген жағдайда сабырлы болуға тырысыңыз. Өмір болған соң, қиындық болмай тұрмайды, сондай жағдайларда ең бірінші сабырлылық керек. Қиындықтың барлығы да өтпелі, сондықтан өмірден түңіліп, ашуға берілуге, сөйтіп, өз денсаулығыңызды нашарлатып алуға жол бермеңіз.

Психотерапиялық жолмен емдеу көбіне нәтижелі болады. Алайда бұл жолмен емдеу айлап, не жылдап жүргізуді талап етеді. Кейде ешқандай нәтиже бермеуі де мүмкін.

Психотерапия арқылы реабилитация жасауда депрессиямен ауырған адамның Хайдеггер ойынша депрессия үш әрекеттен құралады:

а) редукция, бар нәрседен болмысқа қайта оралу;

б) конструкция, немесе болмыс түсінігін қалыптастыру;

в) деструкция, немесе дәстүрлі түсініктерді жаңаша түсінікке сәйкестендіру.

Бұның барлығы психологтың шеберлігіне байланысты. Бірақ, ең бастысы – ол қол қусырып отырмау. Депрессия тымау сияқты физикалық көзге көрінетін ауру болмағанымен, оның ағзаға тигізетін зияны екі-үш есе артық болады. Оған немқұрайлы қарауға болмайды. Кеңес Одағы заманында елімізде психиатрия орындары жабық мекемелердің қатарына жататын. Әсіресе, үкіметке қарсы шыққандардың құтты мекеніне айналған бұл орындар көпшіліктің зәре-құтын қашырып, өзінен алыстатпаса жақындатқан емес. Арамызда «бас жарылса бөрік ішінде» деп жүре беретіндер көп. Өйткені олар «есепке тіркелуден» қорқады. Кез-келген жеңіл-желпі сырқатты онда тіркемейтінін, тіркесе де жазылған бойда алып тастайтынын жұрт ескермейді. Аты-жөндерінің құпия сақталатынын да бейхабар. Жүйкесі шаршаған, өмір сүруге дәрменсіз һәм құлықсыз, келешегіне сенбейтін адамдар арнаулы емдеу орындарына бармай, бақсы-балгерлерді, емшілерді жағалайтынын көзіміз көріп жүр.

Психиатрия шеңберіндегі психотерапия – депрессияны емдеу жолында медикаментозды емдеумен бірге қолданылатын тәсіл болып есептелінеді. Медикаментозды емдеуге қарағанда психотерапиялық емдеуде адам өзі белсенді қатысып отырады. Нәтижесінде адам өзін-өзі реттеу дағдыларына үйренеді және болашақта депрессияға ұшырамайтындай кризистік жағдайлармен эффективті күресе алуға мүмкіндігі туады.

Психотерапия кезінде психолог маман адамның мәселесі төңірегінде әр-түрлі техникалар қолданады. Біліктілігі жоғары маманмен сөйлесе отырып, адам өзіне депрессияға ұшырау себептерін ашады және де келесі дағдыларға үйренеді:

- Депрессияны туғыздыратын жүріс-тұрыстық, эмоционалды факторлар мен ойларды танып білу;
- Өмірлік мәселелерді танып, олармен күресе алатын немесе оларды өзгерте алатын өзінің бойында мүмкіндіктерді танып білу;
- Өміріне деген бақылау сезімін қайта қалыптастыру;
- Өмірлік жағдайларға қуана білу;
- Психотерапияның бірнеше түрін ажыратады;
- Индивидуалды – психолог пен клиент қатысатын кездесу;

Топтық – психолог пен бірнеше клиент қатысатын кездесу. Клиенттер бір-бірімен өз мәселелерімен, уайымдарымен бөлісе отырып, осы мәселеге жалғыз ғана тап болмағанын түсінуге мүмкіндік болады.

Сонымен қатар, психотерапияның келесідей бағыттары бар: психодинамикалық, тұлғааралық және когнитивті-жүріс-тұрыстық терапия. Бірінші кездесуден кейін психолог маман қай бағытты қолдануды шешеді.

Психодинамикалық терапия бойынша депрессияға ұшыраған адамның мәселесі оның бейсанасында жатады. Осы терапия шеңберінде адамның бүкіл өмірі талдауға алынады да, оның мәселесі өмірінде қалайша көрініс табатынына көңіл аударылады. Көмек алып жүрген адам өз мәселесін, оның негізінде жатқан себептерді танып, психолог маманмен әңгімелесу арқылы оны шешу жолдарына үйренеді. Терапияның бұл түрі бірнеше кездесуден тұрады және ұзаққа созылуы мүмкін.

Тұлғааралық терапия адамның қоршаған ортасындағы адамдармен (отбасы, жолдастары, әріптестері және т.б.) болған шиеленіс жағдайларын шешуге тырысады. Осы терапияның мақсаты – адамға коммуникация дағдыларын көрсету, өзіндік бағалауын жоғарлату және адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуды үйрету.

Когнитивті-жүріс-тұрыстық терапия бойынша депрессияға ұшыраудың себептері жансақнандар мен бағдарлардың дисфункциясы болып табылады. Сәкесінше осы бағыттың мақсаты – бұрында деструктивті құбылыстарға жеткізген жансақнандар мен бағдарларды өзгерту болып табылады. Техникаларына негативті ойларды жою, сананың жана шаблондарын құру мен депрессияға алып келетін мәселенің негізін танып білу тәсілдері жатады.

Психотерапияның тиімділігін арттыру үшін келесі әрекеттерді жасауға болады:

- Стресс туғыздыратын мәселені табу, өмірде болып жатқан жағымды және жағымсыз жайттарды арнайы күнделікке тіркеу;
- Приоритеттерді жүйлендіру, және оның ішінде жағымдыларға аса көңіл бөлу;
- Демалуға және өзіне ұнайтын іс-әрекеттермен айналысуға уақыт бөлу;
- Сенімді адамға іштегі сезімдерді, уйымдарды айтудан қорықпау;
- Өмірде жағымды жағдайларға көңіл бөліп, стресспен күресу жолдарын білу.

Психотерапияның мақсаты – депрессияға әкелетін адамның жүріс-тұрысын және ойларын бағалау мен шиеленіс жағдайларын анықтау болып табылады. Терапия кезінде өз мәселесін шешуде белсенді қатысатын адамдар саулығып кету мүмкіндігі жоғары болады. Психотерапияның басты мақсаты – депрессияның себептерін анықтау және оны адам санасына жеткізу. Психотерапияның нәтижесін көру ұзақ уақытты қажет етеді және антидепрессанттарға қарағанда оның эффективтілігі ұзақ болады. Сонымен қатар күйзеліспен күресе білу адамның ақыл-ойының, парасатының деңгейіне тікелей байланысты. Әрине, қазіргі уақытта оған қарсы түрлі дәрілер бар. Алайда дәрілердің барлығы уақытша көмектесетінін ескеру қажет. Қорғанудың ең басты әдісі – барынша өз қалауыңыз бойынша өмір сүру. Жақсы демалып, спортпен айналысып, денсаулықты күту керек. Күнделікті ас ішіп, аяқ босатудан да басқа қызықты нәрселер бар екенін ескеріп, өзіңіздің сүйікті ісіңізбен айналысу, ақыл-ой көкжиегін кеңейту, көп іздену, біліміңізді кеңейту, күйгелек болмау, міне, қорғанудың жолдары және психологтың көмегін ескерген жөн.

**Касейнова Б Н, Бабушкина А. А.,  
Алюбаева Г. О.  
психологи ОПНД**

## «А» ВИРУСТЫ ГЕПАТИТІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Вирусты гепатиттің «А» түрі - жұғу қаупі өте жоғары, әрі қауіпті «жуылмаған қол аураларының» ішіндегі бірінші орындағы кеңінен тараған ауру түрі. Жұқтыру қаупін жұқтырушылар болып, ең бірінші кезекте мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушылары жатады, себебі өздерінің шыдамсыздықтарына байланысты жеміс-жидектерді жумай жеп, бутербродтарын жуылмаған қолмен тезірек ұстауға үйір, немесе саусақтарын, ойыншықтарын ауыздарына салу әдеттерінен әлі де болса арыла алмағандар. Міне, осылардың бәрі гепатитті жұқтыруға әкеліп, бүкіл отбасының денсаулығына қауіп төндіреді, себебі вирус ластанған тұрмыстық заттар арқылы да берілетіні белгілі.

Ауру, әдетте, оңай өтеді, әрі толық жазумен аяқталады.

**Жұқтырудың негізгі жолдары:**

- жұқтырылған адаммен байланыс, жалпы гигиена заттарын пайдалану;
- ластанған сумен айдалану;
- зарарланған тағамды пайдалану.

**Симптоматика:**

Аурудың негізгі белгілері: әлсіздік, шаршау, бас ауруы, бұлшық ет пен буындардың ауруы, жүрек айну, құсу, тері қышуы байқалып, температурасы жоғарылайды (37°-38,5°); кішкентай балаларда диарея да болуы мүмкін; жасөспірімдер мен ересектерде іштің жоғарғы бөлігінде (оң жақ қабырға асты) ауырсыну байқалады. Аурудың басталуы суық тиіп қалғандай болып басталады және ол жас шамасына да байланысты: балаларда толық клиникалық көрініс өзгермеуі де мүмкін. Тері қабаттарының сарғаюы ересектерде ғана байқалады. Егер сарғаю байқалса, ауру - жұқпалы кезеңінен өткендігінің белгісі. Кейде терінің сарғаюы кезінде дене температурасын түсіп, ауырсынудың болмауы да мүмкін.

**«А» вирусты гепатитінің алдын алу** - аурудың алдын алу емдеуден гөрі оңай, сол себепті вакцинация жасау (Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі жастағы балалар арасында тұрақты иммунитетті қалыптастыру үшін «А» гепатитіне қарсы екі рет егіледі) арқылы және қарапайым жеке бас гигиенасының ережелерін дұрыс орындау арқылы сақтануға болады:

- қарапайым гигиеналық талаптарды міндетті түрде сақтау және дәретханаға барғаннан кейін, көшеден келген соң және тамақтың алдында қолды жуу;
- бөлмелерде тазалық сақтау;
- жеке гигиена заттары өзіңдікі ғана болу керек, оны біреумен бөлісуге болмайды;
- көкөністер мен жемістерді пайдаланар алдында ағынды таза сумен міндетті түрде өте мұқият жуу қажет;
- ешқашанда жаңа қорданы тыңайтқыш ретінде пайдаланбаңыз.
- тек қайнаған су ішіңіз, кез-келген күмәнді су қоймаларына шомылуға болмайды. Бұл әсіресе жаз мезгіліндегі тым «қалың қоныстанған» жағажайларға, сондай-ақ ағынды сулар қосылып кеткен су қоймаларына қатысты.

**Қарағанды облысы Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы**

**А.Т.Аяпбергенова**



# ВЗАИМОСВЯЗЬ ПСИХИЧЕСКОГО И РЕЧЕВОГО РАЗВИТИЯ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

В настоящий момент в нашем современном обществе родители у которых дети имеют какие-либо нарушения речевого развития, прекрасно осознают, что данная патология имеет последствия. Но осознать, что ребенок развивается не в срок по уровню речевого развития очень трудно, если данная патология вовремя не опознана, то часто идет нарушения не только речевого, но и психического развития. Если ребенок не может выразить мысль при помощи речи, тем самым страдает весь процесс мозговой деятельности. В современном мире дети растут не на общение с другими детьми: а на мультфильмах, детских передачах, развивающих гаджетах, различных детских шоу, где дети развиваются пассивно без передачи информации в словесной форме взрослым или другим детям. К проблемам речевого развития относят: отставание уровня актуального речевого развития общепринятой возрастной норме, нарушения формирования фразовой речи, низкий словарный запас, нарушения звукопроизношения. Тем самым нарушение речевого развития ведет к снижению психического развития: у детей нарушается память, внимание, интеллект. Задержка психического развития всегда ведет к различным нарушениям речевой деятельности и, поэтому задержка психического и речевого развития часто наблюдаются у детей параллельно и являются комплексным нарушением.

В последние годы идет тенденция на увеличение нарушения речевого развития. В

странах СНГ частота встречаемости с нарушением речевого развития до 25 %, в зарубежных странах цифры не много меньше до 16%.

С целью выявления взаимосвязи психического и речевого развития был проведен ретроспективный анализ 100 медицинских карт пациентов (74% - мальчики, 26% - девочки) в возрасте от 4 до 7 лет (4 лет - 3%, 5 лет - 28%, 6 лет - 36%, 7 лет - 33%) дневного стационара Областного детского психоневрологического диспансера города Караганды.

Анализ анамнеза пре-, интра- и постнатального развития, благополучности прохождения беременности и родов, заболевания женщины в процессе вынашивания ребенка, своевременность срока родов, заболевания во время беременности на основании медицинских карт пациентов выявил следующие особенности:

1. Беременность с осложнениями: у 68% (анемия, токсикоз, отеки и тд).
2. Путь рождения: у 17% через кесарево сечение, 4% преждевременные.
3. Асфиксия в родах: у 17% рожденных детей.
4. Родовая деятельность: со стимуляцией у 11%, стремительные у 9%.
5. Вирусная инфекция: у 48 % беременных.
6. После родовая травма: у 8% детей.
7. Наследственная предрасположенность: у 20 % родителей.

Логопедический анализ речевой карты

выявил нарушения формирования фразовой речи у 45%, низкий словарный запас - у 78%, нарушение звукопроизношения у 98%. Так же отмечается что - у 6 % детей первые слова были сформированы только в 15-18 месяцев рождения, у 13 % в 24 месяца. Анализ психического статуса, наряду с вышеуказанной патологией параллельно выявил: ограниченный, не соответствующий возрасту запас знаний и представлений об окружающем, низкий уровень познавательной активности, недостаточная регуляция произвольной деятельности и поведения, низкая способность к приему и переработке информации.

Таким образом, выявлена взаимосвязь речевого и психического развития у детей дошкольного возраста. Именно поэтому предупреждение задержки психоречевого развития, ранняя диагностика, логопедическая коррекция, диспансерное наблюдение является важной составляющей в сохранении здоровья будущего поколения. Основными направлениями коррекции при нарушениях формирования речи у детей являются: логопедическая, психолого-педагогическая, психотерапевтическая помощь ребенку и его семье, а также медикаментозное лечение. Особое значение при организации помощи таким детям приобретают комплексность воздействия и преемственность работы с детьми специалистов различного профиля (врачей, логопедов, психологов, педагогов). **Зубкова Е.Е., резидент-психиатр НАО «МУК»**

Растительные жиры — полезная альтернатива «вредным» животным жирам, источникам «плохого» холестерина, способствующим развитию ожирения и сердечно-сосудистых заболеваний. Почти все растительные масла относятся к категории ненасыщенных жиров, содержащих незаменимые жирные кислоты Омега-3 и Омега-6.

Однако, несмотря на ценность для здоровья, растительные масла характеризуются очень небольшим сроком хранения. А для сохранения вкусовых качеств растительного масла необходимо соблюдать особые условия хранения. Эти факторы оказались слишком невыгодными для производителей, т.к. поднимали цену и делали продукцию неконкурентоспособной.

В итоге ученые по заказу производителей нашли способ создания «улучшенного» растительного жира, дешевого и долго сохраняющегося даже при комнатной температуре. Это и есть трансжиры — специфический вид ненасыщенных жиров, полученных искусственным путем (гидрогенизацией жидких растительных масел).

## ТРАНСЖИРЫ: ИХ ВРЕД И ОПАСНОСТЬ

Трансжиры, несмотря на растительное происхождение — твердые, нам они хорошо известны — это разного типа маргарины и кулинарные жиры.

**Как трансжиры влияют на здоровье?**

Уже установлены следующие негативные последствия употребления в пищу трансжиров: ухудшение качества молока у кормящих матерей, при этом трансжиры передаются с молоком матери при кормлении ребенка; рождение детей с патологически малым весом; увеличение риска развития диабета; нарушения работы простагландинов, что негативно влияет на состояние суставов и соединительной ткани; нарушение работы фермента цитохром-оксидазы, играющего ключевую роль в обезвреживании химических веществ и канцерогенов; ослабление иммунитета; снижение уровня мужского полового гормона тестостерона и ухудшение качества спермы; нарушение клеточного метаболизма. Чреваты такими заболеваниями, как атеросклероз, артериальная гипертензия, ишемическая

болезнь сердца, рак, ожирение и ухудшение зрения; снижение способности организма к противостоянию стрессам, увеличение риска возникновения депрессии.

**В каких продуктах содержатся трансжиры?** Список продуктов, содержащих трансжиры, гораздо шире, чем многие думают. Дело в том, что их использование в производстве позволяет экономить и зарабатывать баснословные деньги. И эти деньги вы отдаете вместе с собственным здоровьем! Итак: маргарин; спреды, мягкие масла, миксы сливочных и растительных масел; рафинированное растительное масло; белый хлеб; шоколад; разные «масла» для бутербродов; майонез; кетчуп; продукция фаст-фуда - картофель фри и т.д.; кондитерские изделия - торты, пирожные, печенье, крекеры и т.д. снеки - чипсы, попкорн и т.д.; замороженные полуфабрикаты.

**Как избежать потребления трансжиров?**

Внимательно изучайте состав приобретаемых продуктов. Трансжиры представлены в составе как: гидрогенизированные, частично гидрогенизированные, или сатурированные жиры; маргарин.

Однако прямых признаний «гидрогенизированные» и «частично гидрогенизированные растительные жиры» производители, как правило, старательно избегают, что пока позволяет им закон. Есть несколько «псевдонимов», под которыми трансжиры скрываются в списке ингредиентов: растительный жир, комбинированный жир, кулинарный жир, жир фритюрный.

Для очищения организма от влияния трансжиров, по словам докторов, понадобится два года, в течение которых необходимо полностью отказаться от продуктов, содержащих эти вещества.

**Тулешова А.Е., главный специалист  
Управления контроля качества и  
безопасности товаров и услуг района  
им. Казыбек би г. Караганды**

**ОТКРЫТА  
ПОДПИСКА  
НА 2019 ГОД  
САЛАУАТТЫ  
ӨМІР САЛТЫ  
ЗДОРОВЫЙ  
ОБРАЗ ЖИЗНИ**



салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы

**ТОО «GIO TRADE»**

центр формирования здорового образа жизни

пропаганда здорового образа жизни

лабораторные исследования

сертификация и декларирование

экологический мониторинг

аттестация рабочих мест

дератизация, дезинфекция, дезинсекция

санитарный минимум

производственный контроль

медосмотр декретированной группы населения

**www.giotrade.kz**

Главный редактор: Галаева А.И.,

Редактор: Альжанова К.А.,

Дизайн и верстка: Казарян А.Ю.

Адрес редакции: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, 2.

Тел. : 8 /7212/ 77 20 60; E-mail: zog\_giotrade@mail.ru

Газета выходит один раз в месяц. Перепечатка только с разрешения редакции. Редакция не несет ответственности за мнение авторов публикуемых статей и содержание рекламных материалов.

Ответственность за достоверность сведений и фактов, содержащихся в газете, несут авторы публикаций.

ТОО «GIO TRADE»

Регистрационное свидетельство № 16250-Г.

Выдано Министерством связи и

информации РК.

Комитет информации и архивов 13.12.2016.

Год издания одиннадцатый.

№ 10 (210) октябрь 2019г.

Формат А-3, Объем- 4 печатных листа,

тираж -1000 экз, планируемый тираж 5000 экз.

Отпечатано в типографии ТОО «GIO TRADE»

г. Караганда, ул. Сатыбалдина, 2.

Тел.: 8 /7212/ 77-20-60